



Қостанай қаласы

2025 жылғы 10 – 11 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын (бұдан әрі – Жарыс) 2025 жылғы 10-11 қыркүйек аралығында Қостанай облысы, Қостанай қаласында өткізеді.

Республикалық жарыстар – бұл еліміздің жас өнертапқыштары үшін шығармашылық пен зияткерлік ізденістің үлкен алаңы. Бұл байқаулар балаларға өз армандарын жүзеге асырып, кеме, әуе, зымыран, авто модельдеу және көлік құрастыру сияқты техникалық бағыттарда батыл идеяларын өмірге әкелуге мүмкіндік береді. Мұндай жарыстар – жас өнертапқыштардың болашақтағы жаңалықтарына бастар жол, ерекше жобаларға жол ашатын алғашқы қадам.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау, балаларды қосымша біліммен қамту.

Әуе, зымыран, көлік, кеме модельдеу бойынша техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарыстары 14 жылдан бері өткізіліп келеді, биылғы жылы республикалық жарыстар 10-17 жас аралығындағы жарыстың өңірлік кезеңдерінің 180 жеңімпазы арасында өткізіледі.

Бұл іс-шараның басты міндеті жас конструкторлар мен инженерлерге өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға, ғылыми-техникалық шығармашылық саласындағы батыл идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Жарыс бағдарламасында – радиомен басқарылатын авто, авиа, зымыран, кеме модельдері бойынша командалық жарыстар. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарыстары бір уақытта қаланың бірнеше алаңында өткізілетін болады.

Жарыс білім алушылардың құрастырушылық ойлауын дамытуға бағытталған, жас техниктерді зерттеу және өнертапқыштық қызметке тартуға, әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің арасында тәжірибе алмасуы және өзара қарым-қатынасына жағдай жасайды.

Жарыстарды өткізу қосымша білім беру педагогтері үшін бірыңғай қарым-қатынас кеңістігін құруға және тәжірибе алмасуға бағытталған, қатысушыларды ғылыми, танымдық және шығармашылық белсенділікті дамытуға, сонымен қатар техникалық шығармашылық, өнертапқыштық және рационализация саласындағы өз жетістіктерін көрсетуге ынталандырады.

Техникалық шығармашылық – бұл әрқашан ойдың ұшқырлығы мен шеберліктің көрінісі болып табылады. Бұл ертеңге, болашаққа қадам. Бұл өзіңізді көрсетуге, өз ойыңызды, бірегей идеяңызды білдіруге тамаша мүмкіндік.

Республикалық жарыс қорытындысы бойынша 30 жеңімпаз анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен (жетекшінің аты-жөні көрсетілген) және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Жарыстың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін телефонға хабарласуға болады:

8(7172) 57-41-52; e-mail: rumcdo_nto@mail.ru



город Костанай

10 – 11 сентября 2025 года

Пресс-релиз

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан проводит Республиканские соревнования технического творчества и изобретательства (авиа, ракето, авто, судомоделирование) 10-11 сентября 2025 года в городе Костанай Костанайской области.

Республиканские соревнования — это масштабная площадка для творчества и интеллектуального поиска юных изобретателей нашей страны. Эти конкурсы дают детям возможность реализовать свои мечты, воплотить смелые идеи в таких технических направлениях, как судо, авиа, ракето, автомоделирования и транспортное конструирование. Подобные соревнования становятся первым шагом к будущим открытиям и открывают дорогу уникальным проектам юных талантов.

Цель Соревнований: развитие технического творчества детей в Республике Казахстан, создание условий для формирования конкурентных преимуществ личности, творческой компетентности, профессионального самоопределения обучающихся, охват детей дополнительным образованием.

Соревнования технического творчества и изобретательства по авиа, ракето, авто, судомоделированию проводятся уже 14 лет, в этом году Республиканские соревнования проводятся среди 180 победителей региональных этапов Соревнований в возрасте от 10 до 17 лет.

Главная задача этого мероприятия дать возможность нашим юным конструкторам и инженерам реализовать свой творческий потенциал, воплотить свои смелые идеи в области научно-технического творчества.

В программе Соревнований – командные состязания по радиоуправляемым авто, авиа, ракето, судомоделям. Соревнования по техническому творчеству и изобретательству будут проводиться одновременно на нескольких площадках города.

Соревнования нацелены на развитие конструкторского мышления у обучающихся, привлечение юных техников к исследовательской и изобретательской деятельности, а также создание условий для обмена опытом и взаимодействия между учащимися и педагогами из различных образовательных учреждений.

Проведение соревнований направлено на создание единого пространства для общения и обмена опытом среди педагогов дополнительного образования, мотивацию участников к развитию научной, познавательной и творческой активности, а также предоставляет возможность продемонстрировать свои достижения в области технического творчества, изобретательства и рационализации.

Техническое творчество – это всегда полёт мысли и проявление мастерства. Это шаг в завтрашний день, в будущее. Это прекрасная возможность показать себя, выразить свой замысел, свою уникальную идею.

По итогам проведения Республиканские соревнования будут определены 30 победителей, которые будут награждены дипломами I, II, III степени с указанием Ф.И.О. руководителя, и ценными призами, Всем участникам Соревнования будут вручены сертификаты.

За дополнительной информацией обращаться по телефонам:
8(7172) 57-41-52; e-mail: rumcdo_nto@mail.ru